

"Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 207 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.12.2024 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 24, 180-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларында:

4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұрын бекітілген тіркелген тарифтердің деңгейлерін жыл сайын түзетуге құқылы.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген тіркелген тарифтерді түзету туралы актісі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде алғашқы ресми жарияланғанынан кейін екі жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қуаты аз жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді енгізуді ынталандыру, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін табиғи, климаттық, техникалық немесе өзге де жағдайлары қолайсыздау жерлерді электрмен қамтамасыз ету үшін тіркелген тарифтер жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілердің белгіленген қуатына байланысты сараланады.";

мынадай мазмұндағы 11-2-тармақпен толықтырылсын:

"11-2. Шетелдік валютада кредиттік міндеттемесі бар жобалар үшін егер ұлттық валютаның айырбасталатын валюталарға қатысты айырбастау бағамының өзгеруі алдыңғы жылмен салыстырғанда 25 % және одан жоғары болған жағдайда, күн сәулесінің энергиясын түрлендіру үшін қазақстандық кремний (

Kaz PV) негізінде фотоэлектрлік модульдерді пайдаланатын, жалпы қуаты 37 МВт күн электр станцияларының жобаларына арналған тіркелген тарифтерді қоспағанда, тіркелген тарифтер инфляцияны және ұлттық валютаның айырбасталатын валюталарға қатысты айырбастау бағамының өзгеруін ескере отырып, жылына бір рет 1 қазанға мынадай формула бойынша индекстеледі:

$$T_{t+1} = T_t * (1 + 0,7 * \frac{(TBI_t - 100\%)}{100\%}) + 0,3 * \frac{USD_{t+1} - USD_t}{USD_t}$$

$$T_{t+1} = T_t * (1 + 0,7 * \frac{(TBI_t - 100\%)}{100\%}) + 0,3 * \frac{USD_{t+1} - USD_t}{USD_t}, \text{ мұндағы:}$$

T_{t+1} – жоғарыда көрсетілген формула бойынша есептелген азаю жағына қарай толық тиынға дейін дөңгелектелген, индекстелген тіркелген тариф;

T_t – егер бұрын мұндай индекстеу жүргізілген болса, бұрын жүргізілген индексацияны есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қолданыстағы тіркелген тариф;

TBI_t – мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалатын, индекстеу жүргізілген жылдың 1 қазанының алдындағы он екі айға жинақталған тұтыну бағасының индексі;

USD_{t-1} – индекстеу жүргізілетін жылдың 1 қазанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған теңгенің АҚШ долларына қатысты ағымдағы бағамы;

USD_t – индексациялау жүргізілген күннің алдындағы он екі ай кезеңге есептелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалатын теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа бағамы."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев